

## "Семей инжиниринг" акционерлік қоғамының берешегін қайта құрылымдау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 30 маусымдағы N 604 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі "Медетші қор" акционерлік қоғамымен бірлесіп :

1) "Семей инжиниринг" акционерлік қоғамының "Қазақстан Эксимбанк" жабық акционерлік қоғамының қаражаты есебінен алынған кредит бойынша берешегін берешекті өтеуді 2006 жылы бастай отырып, 2008 жылды қоса алғандағы мерзімге қайта құрылымдауды жүргізсін;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 5 ақпандағы N 110 қаулысымен бекітілген Республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылу ережесіне сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі белгілейтін сыйақы ставкасын ескере отырып, "Семей инжиниринг" акционерлік қоғамымен және "Қазақстан инжиниринг" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамымен (кредит бойынша бірлескен жауапкершілік) тиісті келісім жасассын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі К. Қ. Мәсімовке жүктелсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министрі*